

«КЕЛІСЕМІН».

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің төрағасы



 С. Ергалиев

«06» 09 2022 жыл

«БЕКІТЕМІН»

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
Бас директоры



 С. Садыков

2022 жыл

**Самбодан әлемнің бірінші чемпионы Қ.С.Байшолақовты
еске алуға арналған 2006-2007 ж.т. (ұлдар, қыздар)
жасөспірімдер арасында республикалық жарысының
Е Р Е Ж Е С І**


Тараз қаласы
2022 жыл

1. Жарыстың мақсаты мен міндеті

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың денсаулығын арттыру;
- мектеп жасындағы оқушыларды самбо спортына тарту;
- рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру;
- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды ойыншыларды анықтау.

2. Жарыс ұйымдастырушылары

Жарысқа жалпы басшылық жасауды ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі—ҰҒПДТО) жүзеге асырады.

Жарыстың өту барысы «ҰҒПДТО» бұйрығымен бекітілген төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Өткізу мерзімі және орыны

Жарыс 2022 жылы 26-29 қыркүйек, Тараз қаласында өткізіледі.

Жарыс бағдарламасы		
26 қыркүйек	15:00-16:00	Қатысушылардың келу күні, және мандаттық комиссия
	16:00-18:00	Мандаттық комиссия, төрешілер жиыны
		Салмақ өлшеу, медициналық бақылау және жеребе тарту
	18:00-18:30	Төрешілер отырысы
27 қыркүйек	10:00	Жарыстың кездесулері ұлдар: -42,-49,-58,-71,88 келі Жарыстың кездесулері қыздар: -38,-44,-50,-59,-72 келі
	11:00-11:30	Жарыстың ашылу салтанаты
	11:30-13:00	Жарыстың жалғасы
	13:00-14:00	Түскі үзіліс
	14:00	Жарыстың жалғасы
	15:00-16:00	Салмақ өлшеу, медициналық бақылау және жеребе тарту
	16.30-20.00	Ақтық кездесулері, марапаттау рәсімі
	10:00-13:00	Жарыстың кездесулері ұлдар: -46,-53,-64,-79,+88 келі Жарыстың кездесулері қыздар: -41,-47,-54,-65,+72 келі
28 қыркүйек	13:00-14:00	Түскі үзіліс
	14:00	Жарыстың жалғасы
28 қыркүйек	16:30-20:00	Ақтық кездесулері, марапаттау рәсімі

29 қыркүйек	Командалардың қайту күні
-------------	--------------------------

4. Жарысқа қатысушылар және өткізу шарттары

Жарысқа тіркелу үшін 15 күн бұрын «ҰҒПДТО» өтінім тапсырылуы қажет.

Жарысқа 2006-2007 жылы туылған оқушылар (ұлдар, қыздар) қатысады. 2008 ж.т. қатысушыларға қосымша дәрігер анықтамасы бойынша қатыса алады. Команда құрамында 2 жаттықтырушы, 1 төреші болуы тиіс.

Жарыс халықаралық «Самбо» федерациясының ережелеріне сәйкес келесі салмақ дәрежесі бойынша өткізіледі:

Ұлдар: -42,-46,-49,-53,-58,-64,-71,-79,-88,+88 келі

Қыздар: -38,-41,-44,-47,-50,-54,-59,-65,-72,+72 келі

Мандаттық комиссияға төмендегі құжаттар тапсырылады:

1. Спортшылардың денсаулығы туралы дәрігердің мөрімен анықтама;
2. Туу туралы куәлігі(түбнұсқасы);
3. Сүретіне оқу мекемесінің мөрі басылған анықтама;
4. Спортшының куәлігі;
5. Сақтандыру полисі болуы тиіс.

Құжаттары тапсырылмаған спортшылар жарысқа қатыстырылмайды.

Команданың жолда, қонақ үйде және жарыс кезінде қауіпсіздігі үшін жауапкершілік жіберілген мекеменің өкіліне жүктеледі.

Төрешісі жоқ команда жарысқа жіберілмейді.

5. Қаржылық шығындар

Жарысқа қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәулік ақысы, жататын орыны) жіберуші мекеме есебінен.

Жарыс өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медальдар, баннер дайындау;
- төрешілер, дәрігерлер мен қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеу;
- спорт кешенін, авто транспортты жалға алу «ҰҒПДТО» есебінен.

6. Марапаттау

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҰҒПДТО-ның дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

Байланыс телефондары:

ҚР БҒМ ҰҒПДТО – Нұр-Сұлтан қаласы, Vip городок 3,

тел.: +7(7172)725791, e-mail nnpcfk.sport@mail.ru

Осы ереже жарысқа шақырту болып есептеледі.